



Бекітілді

№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледж директоры

Мендгазиева М.Т.

№ 3 мәжіліс хат

« 05 » шілде 2025 жыл

№ 1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжінің 2025– 2026 оқу жылына қабылдау ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1. 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді оқуға қабылдаудың Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Ережесі "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 63) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес және олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (әрі қарай Қағида) 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына (12.05.2020 жылғы № 197 бұйрығының және ҚР БҒМ –нің 04.06.2021 жылғы №276 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.07.2022ж № 311 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрінің 11.10.2022ж № 420 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2025ж № 153 негізінде енгізілген өзгерістерімен) сәйкес әзірленді және № 1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжіне (әрі қарай Колледж) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Колледжге негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта) орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, босқындар, пана іздеуші адамдар, қандастар, сондай –ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3. "Арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысы беріліп және (немесе) білім беру гранты беріле отырып, олардың өтініші негізінде конкурстан тыс жүзеге асырылады."

№ 1 Алматы қазақ гуманитарлық- педагогикалық колледжінің
2025– 2026 оқу жылына қабылдау
Е Р Е Ж Е С І

I. Жалпы ережелер

1. 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді оқуға қабылдаудың Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Ережесі "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының [63\) тармақшасына](#) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының [1\) тармақшасына](#) сәйкес және олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (әрі қарай Қағида) 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына (12.05.2020 жылғы № 197 бұйрығының және ҚР БҒМ –нің 04.06.2021 жылғы №276 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.07.2022ж № 311 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрінің 11.10.2022ж № 420 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2025ж № 153 негізінде енгізілген өзгерістерімен) сәйкес әзірленді және № 1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжіне (әрі қарай Колледж) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Колледжге негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта) орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, босқындар, пана іздеуші адамдар, қандастар, сондай –ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3."Арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысы беріліп және (немесе) білім беру гранты беріле отырып, олардың өтініші негізінде конкурстан тыс жүзеге асырылады."

4. Колледжге оқуға түсу кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді. Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 261 бұйрығы (09.08.2024ж толықтырулар мен өзгерістерімен) негізінде айқындалған.

- 1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 10 пайыз;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін – 0,5 пайыз;
- 3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 35 пайыз;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4 пайыз;
- 5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 5 пайыз;
- 7) кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 5 пайыз;
- 8) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін – 1 пайыз;
- 9) бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 5 пайыз;
- 10) әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз.

II. Колледжге оқуға қабылдау тәртібі. Құжаттарды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру

1. Тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу мерзімінде және білім алушылар құрамына қабылдау үшін 1 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді. Конкурстық комиссияның құрамынан оның мүшелерінің көп даусымен төраға сайланады. Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы білім беру ұйымының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

1.1 Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылар жұмысына жалпы басшылық ету жауапты хатшыға жүктеледі, ол азаматтарды қабылдауды, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, кеңес (консультация) және қабылдау емтихандарының даярлығын, жүргізілуін ұйымдастырады, жазбаша емтихан жұмыстарының шифрленуін және де шифрленуін жүргізеді.

2. Педагогикалық және арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына білім беру ұйымдарының, әлеуметтік әріптестердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Емтихан комиссия мүшелерінің көп даусымен комиссияның төрағасы сайланады. Емтихан комиссиясының құрамы директордың бұйрығымен бекітіледі.

3. Қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының шешімдері, егерде отырыста олардың құрамының кемінде үштен екі бөлігі қатысса және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданса, заңды болып табылады. Қабылдау және/немесе емтихан комиссиялары мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба колледж мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

4. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын колледж ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша ТЖКОББ ұйымдарына, рухани (діни) білім беру ұйымдарына, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандар үшін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік (жұмыс біліктілігі), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар мамандығының бейініне сәйкес орта буын мамандықтарына түсушілерді оқуға қабылдау ТЖКОББ ұйымының жобалық мүмкіндігін ескере отырып, тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Жобалық мүмкіндік Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29323 болып тіркелген) бекітілген. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.

6. Тұлғалардың колледжге оқуға өтініштерін қабылдау:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша рухани (діни) білім беру ұйымдарына түсушілер үшін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандар үшін - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;

2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша: мемлекеттік тапсырыс бойынша оқудың күндізгі нысанына негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 22 тамызы аралығында, ақылы негізде күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 10 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

6.1. Негізгі орта білімі бар тұлғалар үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жергілікті бюджет негізінде:

01120100– «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы

4S01120102 – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктілігіне

01140100– «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S01140101 – «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігіне

01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S 01140605 – «Шетел тілі мұғалімі» біліктілігіне

4S 01140601- «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігіне

01140700 – «Информатика» мамандығы

4S01140701- «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі» біліктілігіне құжаттар қабылданады.

Жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша:

01140100 – «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S01140101 – «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігіне

01120100 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы (мақсатты қабылдау)

4S01120102 – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктілігіне құжаттар қабылданады.

Негізгі орта білімі бар тұлғалар үшін шаруашылық есеп негізінде қабылданатын мамандықтар:

01140500 - «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы

4S01140501- «Дене тәрбиесі мұғалімі» біліктілігіне

01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S 01140601- «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігіне

01140100 – «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S01140101 – «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігіне

01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы

4S 01140605 – «Шетел тілі мұғалімі» біліктілігіне құжаттар қабылданады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы білім беру ұйымына не «электрондық үкімет» веб-порталына жүгінеді және Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес «Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, ТЖКОББ ұйымдарына» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттар топтамасын ҚР Үкіметінің www.egov.kz порталы арқылы ұсынады.

71.1 Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:
1) ҚР Үкіметінің www.egov.kz порталында орналасқан.

Талапкерлердің қабылдау комиссиясына өткізілетін қағаз түріндегі құжаттары:

- 1) Үлгі бойынша өтініш;
- 2) Білімі туралы құжаттың түп нұсқасы;
- 3) Денсаулық туралы анықтама №075-У; флюорография суретімен;
- 4) №063 егу карточкасы;
- 5) № 088 –У, I, II топ мүгедектері және балалық шақтан мүгедектер үшін медициналық – әлеуметтік сараптаманың қорытындысы;
- 6) 3x4 сурет 4 дана

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты қағаз түріндегі ұсынады:

- 1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын - босқынның куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) оралман - оралман куәлігі немесе көші-қон карточкасы.

www.egov.kz порталға жоғарыда көрсетілген құжаттардың электронды нұсқалары тіркеледі.

8. Оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

10. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

12. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері қағаз жеткізгіште немесе құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауап жолдайды.

13. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға колледжге құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес жолдайды.

14. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

16. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына тіркеледі.

17. «Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп- интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп- интернаттарын қоспағанда, ТЖКОББ ұйымдарына» білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілік), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсетін адамдар үшін кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу жүргізіледі, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант) жазады. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

18. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

19. Колледжге Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп- интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп- интернаттарын қоспағанда, ТЖКОББ ұйымдарына оқуға түсушілердің саны мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен кезде оқуға қабылдау осы Қағидалардың 60-тармағына сәйкес орташа конкурстық балл, сондай-ақ ҚР Оқу -ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 261 бұйрығына сәйкес квота санаты негізінде жүзеге асырылады.

20. 9-тармақта көрсетілген оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттар қабылдау комиссиясына тиісті құжатты күнтізбелік жылдың 10 тамызына дейін ұсынады.

21. Колледждің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап білім беру ұйымының сайтында орташа конкурстық балды көрсете отырып, талапкерлер мен қабылдау квотасы көзделген тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оның күнделікті жаңартылуын қамтамасыз етеді.

22. Колледжге ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқуға қабылдау мамандықтар мен біліктіліктерге медициналық-әлеуметтік сараптаманы (медициналық анықтаманы) ескере отырып жүзеге асырылады.

Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын ескере отырып жүргізіледі.

23. Колледжге мемлекеттік тапсырысы бойынша, педагогикалық, мамандықтар бойынша оқуға түсетін адамдар арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес өткізіледі. Арнайы емтихандардың тақырыптарын колледж дербес белгілейді.

Арнайы емтихандарды өткізу нысаны

Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		Негізгі орта (жалпы негізгі) білім базасында	Орта (жалпы орта) білім базасында
011 Білім беру			
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01140600	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу және арнайы емтихан (эссе/диктант)
01140700	Информатика	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдаятты шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдаятты шешу

24. Педагогикалық, медициналық мамандықтарға түсуші адамдар үшін арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандар, сондай-ақ психометриялық тестілеу күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін негізгі орта, жалпы орта білім базасында шығармашылық даярлықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21 - 28 шілдесі аралығында өткізіледі.

25. Мамандық бейініне сәйкес келетін медициналық мамандықтарға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар, сондай-ақ қолданбалы бакалавр біліктілігіне қысқартылған оқу мерзіміне түсетін тұлғалар үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып эссе жазу түрінде арнайы емтихан белгіленеді. Эссе жазуға және бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары айқындайды.

26. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандарға, сондай-ақ психометриялық тестілеуге қатысу үшін мүгедектігі бар балалар мен мүгедектігі бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама ұсынған кезде, қажет болған жағдайда, емтихан комиссиясы төрағасының атына:

1) жеке аудитория ұсыну;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар балалар мен мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы және/немесе шығармашылық емтихан шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы болып табылмайтын көмекшінің және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар балалар мен мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілін білетін көмекшінің қажеттілігі туралы еркін нысанда қосымша өтініш береді.

27. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін мамандықтарға түсуші адамдар үшін ағылшын тілін білудің базалық деңгейін әңгімелесу әдісімен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып бағалау қосымша жүргізіледі.

4S 01140605 – «Шетел тілі мұғалімі» мамандығына мектепте ағылшын тілін оқымаған азаматтардың құжаты қабылданбайды.

28. Арнаулы емтиханның нысаны мен өткізу тәртібін (күні, уақыты, өткізілетін орны, консультациялар) емтихан комиссиясының төрағасы бекітеді және өтініш қабылдау кезінде оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

Оқуға түсушіні арнаулы емтихан, әңгімелесу өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

29. Арнаулы емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

30. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтихан, сондай-ақ психометриялық тестілеу басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде:

1) арнайы және шығармашылық емтихандар "2", "3", "4", "5" болып бағаланады;

2) арнайы және шығармашылық емтихандар бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған адамдар келесі емтиханға, конкурсқа жіберілмейді.

Әңгімелесудің қорытындысы «Өтті» немесе «Өтпеді» деген нысанда бағаланады.

Арнайы емтихан қорытындысы «Өтті» немесе «Өтпеді» деген нысанда бағаланады

31. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханның қорытындылары бағалау ведомосімен ресімделеді. Арнайы және шығармашылық емтихандар мен әңгімелесулерді өткізу кезеңінде аудио-бейнежазба жүргізіледі, ол колледж мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

32. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады және ақпараттық стендтерде немесе колледждің интернет-ресурстарында емтихан өткізілетін күні орналастырылады.

33. Білім беру ұйымында бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және арнаулы емтихандар нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында колледж директорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері тесттік пәндер бойынша колледждегі педагогтердің санынан құрылады. Бір тестілеу пәні бойынша педагогтердің саны кемінде екі адамнан құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен басшы сайланады.

34. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым береді. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

35. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

36. Арнайы емтиханның нәтижелерін колледж мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін білім басқармасының ақпараттық жүйесіне жібереді.

37. Орта буын мамандықтары бойынша конкурсқа бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру базасында оқуға түсуші тұлғалар, сондай-ақ білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған тұлғалар қатысады.

38. Педагогикалық арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсетін адамдар конкурсқа арнайы емтихан қорытындысы бойынша жіберіледі.

39. Конкурсқа қатысу үшін негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында оқуға түсушілер күнтізбелік жылдың 10 тамызына дейін осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес өтініш береді.

40. Конкурсқа өтініш берген кезде оқуға түсушілер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған жағдайда), ТжКОББ-дан кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссиялар бекіткен ТжКОББ-ның төрт ұйымына дейін, оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын), білім деңгейін таңдайды.

41. Конкурсты ҰБДБ ақпараттық жүйесі (білім, мәдениет және спорт салаларындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарын, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандарды қоспағанда) талапкерлерді білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің орташа конкурстық балы бойынша автоматты түрде бөлу арқылы, педагогикалық, медициналық мамандықтарға, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер бағаларының орташа балы бойынша және ТжКОББ ұйымы өткізген арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес алынған бағалардың (балдардың) орташа балы бойынша, сондай-ақ қабылдау квотасын ескере отырып өткізеді.";

42. Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру, ТжКОББ базасында оқуға түсушілер арасындағы Конкурс күнтізбелік жылдың 23-24 тамызы аралығында, ақылы негізде 28-29 тамыз, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша 29 шілде мен 2 тамызы аралығында, педагогикалық және

медициналық мамандықтарға түсушілер үшін негізгі орта, жалпы орта білім және ТЖКОББ базасында 16-17 тамыз аралығында өткізіледі.

43. Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша жинақталмаған топтар (өнер және мәдениет, денсаулық сақтау мамандықтарын қоспағанда кемінде 15 адам), қамтылмаған талапкерлер болған жағдайда, күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін № 381 бұйрыққа сәйкес мамандықтар мен ТЖКОББ ұйымдары бойынша мемлекеттік тапсырыс қайта бөлінеді.

ҰБДБ ақпараттық жүйесі автоматты түрде бөлу арқылы білім басқармаларына ТЖКОББ ұйымдарына қабылдау үшін талапкерлерді бөлу қорытындыларын:

білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ТЖКОББ ұйымдарында оқу үшін әңгімелесуден сәтті өткен адамдардың тізімін;

кәсіпорындардың өтінімдері, сондай-ақ арнайы оқу бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау үшін әңгімелесуден сәтті өткен адамдардың тізімін;

орта буын және қолданбалы бакалавр мамандықтары бойынша оқуға конкурстан өткен адамдардың тізімін жібереді.

44. Колледждегі білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндер тізбесі Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес айқындалады:

№	Мамандық атаулары	Бейіндік пән атауы
1	01120100– «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» 4S01120102 – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, биология;
2	01140100– «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» 4S01140101 – «Бастауыш білім беру мұғалімі»	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, биология;
3	01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»: 4S 01140605 – «Шетел тілі мұғалімі».	Қазақ тілі, ағылшын тілі, дүниежүзілік тарих
4	01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»: 4S 01140601 - «Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі, қазақ тілі мен әдебиеті, дүниежүзілік тарих
5	01140700 – «Информатика»: 4S01140701 - «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі».	Қазақ тілі, алгебра, информатика
6	01140100– «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» 4S01140101 – «Бастауыш білім беру мұғалімі» 11 сынып	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, биология, қазақстан тарихы;
7	01120100– «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» 4S01120102 – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» 11 сынып	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, биология, қазақстан тарихы;
8	01140500 - «Дене тәрбиесі және спорт» 4S01140501- «Дене тәрбиесі мұғалімі» (ақылы)	Қазақ тілі, биология, Мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру.

45. Орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) олардың жалпы санына Қағиданың 4,5-қосымшаларда көрсетілген пәндер үшін бағалар сомасының орташа мәні ретінде айқындалады.

46. Бағалардың орташа балы:

негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін (9 – сынып) - үш пән: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі), мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП} + \text{БП1} + \text{БП2}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП-міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

бастауыш, негізгі орта білімі бар (9-сынып), арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін және педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін-үш пән: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша бағалардан/балдардан (қажет болған жағдайда) және арнайы немесе шығармашылық емтиханның бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП-міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

АЕ/ШЕ – арнайы емтиханның/шығармашылық емтиханның бағасы;

БС-бағалар саны;

жалпы орта білімі, ТжКОББ бар түсушілер үшін – төрт пән: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2- екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар және педагогикалық мамандықтар бойынша жалпы орта, ТжКОББ білімі бар түсушілер үшін - төрт пән бойынша бағалардан: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән (қажет болған жағдайда) және арнайы немесе шығармашылық емтихан бойынша арнайы немесе шығармашылық емтиханның бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2- екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

АЕ/ШЕ – арнайы емтиханның/шығармашылық емтиханның бағасы;

БС-бағалар саны;

мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін – төрт пән бойынша бағалардан: міндетті пәндер, мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе болған жағдайда шығармашылық конкурстың (шығармашылық дайындықты талап ететін педагогикалық мамандықтар мен мамандықтар бойынша) бағаларынан қалыптасады:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2- екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

АЕ/ШЕ – арнайы емтиханның/шығармашылық емтиханның бағасы;

БС-бағалар саны;

47. Орташа конкурстық бал тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квота санаты ескеріледі.

48. Басқа елдің білім туралы құжаты бар адамдар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді пәндер болмаған кезде міндетті және бейінді пәндердің тізбесін ақпараттық жүйе арқылы колледждің қабылдау комиссиясы белгілейді.

49.Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша жинақталмаған топтар (өнер және мәдениет, денсаулық сақтау мамандықтарын қоспағанда кемінде 15 адам), қамтылмаған талапкерлер болған жағдайда, күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін № 381 бұйрыққа сәйкес мамандықтар мен ТжКОББ ұйымдары бойынша мемлекеттік тапсырыс қайта бөлінеді.

50.Білім басқармасы негізгі орта, жалпы орта білім беру, ТжКОББ базасында оқуға түсушілер арасында Конкурс қорытындыларын ресми интернет-ресурстарда күнтізбелік жылдың 25 тамызында, өнер және мәдениет мамандықтарына – күнтізбелік жылдың 3 тамызында, негізгі орта, жалпы орта білім және ТжКОББ базасында педагогикалық және медициналық мамандықтарға – күнтізбелік жылдың 18 тамызында жариялайды, сондай-ақ талапкерлерді Порталдың 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы SMS хабарламамен Конкурс қорытындылары туралы хабардар етеді.

51. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау ТжКОББ ұйымы басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде:

1) күндізгі оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін анықталады.

52. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін ақпараттық стенділерге немесе ТжКОББ ұйымының интернет – ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.

Орындаған:

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы:

Онгарова Б.К.

(келген хаттар, нұсқаулықтардың негізінде өзгертіліп отырылды)